«Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу (халықаралық және ұлттық тәжірибе)» атты тақырыптағы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сайпинов Данияр Романовичтің диссертациясына берілген ресми пікір білдіруші фиолософия докторы (PhD), аға оқытушы Ибраев Алишер Серикболовичтің

СЫН-ПІКІРІ

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми сын-пікір берушінің ұстанымын негіздеуі
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымның дамуына бағытталған басым міндеттермен толық үйлеседі. Жер құқығы саласында Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану мен қорғаудың құқықтық реттелуі бойынша монографиялық зерттеулер әлі жүргізілген жоқ. Автор осы олқылықты жоюды мақсат ете отырып, алғаш рет ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғаудың құқықтық реттеуін кешенді түрде зерттеуді қолға алған. Бұл жұмыс ауыл шаруашылығы жерлерінің құқықтық реттелуі мәселелерін шешуге арналған алғашқы ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық реттеу саласында терең теориялық зерттеулер жүргізу, осы бағыттағы құқықтық қатынастарды тиімді реттеу үшін теориялық және практикалық ұсыныстар әзірлеу қажеттілігі байқалады. Бұл диссертацияның маңыздылығын жалпы мемлекеттік бағдарламалар аясында анықтауға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс 2024 жылғы 27 ақпанда қабылданған «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 65-VIII Заңына, ҚР-ның 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы, Қазақстан

			Республикасының Экологиялық, Су және Орман кодекстері және Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орындалды. Диссертациялық жұмыс осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалардың талаптарына толық сәйкес келеді және ғылымды дамытудың басым бағыттарының талаптарын тиімді түрде орындауға бағытталған.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық жұмыстың отандық заң ғылымы үшін маңызы зор, себебі Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу мәселелері халықаралық және ұлттық тәжірибені ескере отырып, алғаш рет кешенді түрде зерттеліп отыр. Осылайша, оның ғылыми жаңалықтары отандық заң ғылымында айқын көрініс табады. Диссертация Қазақстан Республикасының жер құқығын, аграрлық құқығын, экологиялық құқығын әрі қарай ғылыми тұрғыдан дамытуға үлкен үлес қосып, осы бағыттардағы зерттеулерді тереңдетуге ықпал етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары екенін байқаймыз. Себебі, диссертанттың әрбір ғылыми нәтижесі өз алдына жаңа ғылыми жаңалықтармен сипатталып, зерттеу барысында автор өзіндік дербес ғылыми тұжырымдарға қол жеткізе алған. Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер де өз ғылыми жаңалығы мен дербестігімен ерекшеленеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 диссертацияның өзектілігінің негізділігі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1) Негізді. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу мәселелерінің халықаралық және ұлттық тәжірибеге негізделгендігімен және отандық заң ғылымында алғаш рет арнайы зерттелуімен айқындалады. Жұмыстың өзектілігі жердің тозуын болдырмау, өнімділігін арттыру, сондай-ақ ауыл тұрғындары арасында тиімді бөлу міндеттерімен тығыз байланысты. Жаһандық экологиялық қиындықтар мен экономикалық жаһандану жағдайында бұл саладағы құқықтық нормаларды әзірлеу және жетілдіру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

			Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі сақталған, себебі әрбір ғылыми нәтиже бір-бірімен байланысты және бірінен-бірі шығып отырады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	1) Айқындайды. Ғылыми зерттеудің мазмұны толықтай тақырыпты айқындауға мүмкіндік береді, себебі әрбір бөлім өзара байланысты және біртұтас зерттеу нәтижесін қалыптастырады. Бұл жұмыстың мазмұны тақырыпқа толық сәйкес келіп, оның негізгі мәселелерін терең зерттеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жұмыстың сапасын арттырады.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	1) Сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мақсаты нақты анықталып, оның міндеттері толық айқындалған. Әрбір міндет өз кезегінде ғылыми тұжырымдарға негіз бола отырып, жұмыс барысында қойылған негізгі мақсатты ашуға мүмкіндік береді. Бұл міндеттер зерттеу тақырыбының барлық аспектілерін терең қамтып, нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Әрбір міндеттің орындалуы зерттеу нәтижелерінің тұтастығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ ғылыми жаңалықтар мен ұсыныстардың нақты мақсатқа сәйкес дамуын қамтамасыз етеді. Осылайша, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді, бұл жұмыстың ғылыми құндылығын арттырады.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ	1) Толығымен өзара байланысты. Диссертациялық жұмыстың құрылымы тұтастай өзара байланысты және әрбір бөлім логикалық бөлімшелерге бөлінген. Бұл жұмыстың бірізділігін және жүйелілігін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, жұмыстың әрбір нәтижесі алдыңғы тұжырымдардан туындап, зерттеудің жалпы мақсатына жетуге ықпал етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара;	Диссертациялық жұмыста автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін сыни тұрғыдан талдайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу мәселелерінің халықаралық және ұлттық тәжірибесін зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен нақты деректерді қолдана отырып,

		3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	оларды ғылыми тұрғыдан талқылап, сыннан өткізгенімен байқалады.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер толығымен жаңашыл болып табылады. Диссертациялық жұмыста автор «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастар», «жайылымдардың құқықтық режимі», «жайылым сервитуты» сияқты ұғымдардың құқықтық табиғатын терең теориялық тұрғыдан зерттеп, олардың анықтамаларын берген. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларын атап көрсеткен.
		5.2 Диссертацияның тұжырымдарының жаңалығы? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Диссертациялық жұмыстың қол жеткізілген ғылыми нәтижелері толығымен жаңа. Себебі, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін пайдалану және қорғау туралы» заң жобасы ұсынылған. Бұл заң жобасы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалануғамен қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және ауыл шаурашылық жерлерінің азаюын мен деградацияға ұшырауын, шөлейттеніп кетуін, жердің тозуы мен бүлінуі процестерін болғызбауға, инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін жақсартуға бағытталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы және негізділігі: 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы мен негізділігі толығымен жаңа болып табылады. Бұл шешімдер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін пайдалану және қорғау саласындағы құқықтық реттеу мәселелерін терең талдап, олардың негізділігі нақты деректер мен зерттеу нәтижелерімен дәлелденген.
6	Тұжырымдардың негізділігі	Барлық жаңа тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген / негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылыми нәтижелер негізінен нақты деректерге сүйене отырып жасалған, бұл жұмыстың тұжырымдарының негізділігін айқындайды. Тұжырымдардың негізділігі автордың отандық және шетелдік ғалымдардың дәйектерін қолдануында көрініс табады. Сонымен қатар, жұмыста құқықтық актілерге талдау жасалып, алынған ғылыми нәтижелердің негізділігі мен дәлдігі қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыстағы барлық

			ғылыми тұжырымдар сенімді және ғылыми негізделген.
7	Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар	Әрбір тұжырым бойынша келесі сұрақтарға жеке –жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 2) дәлелдене түскен; 3) дәлелдене түспеген; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиальды ма? 1) Иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолданылу деңгейі; 1) тар; 2) орташа; 3) кең. 7.4 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә 2) жоқ	Қорғауға шығарылатын тұжырымдар: 1. «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастары» ұғымының құқықтық табиғатын терең зерттеліп, авторлық өзіндік анықтамалары көрініс тапқан. Бұл ғылыми тұжырым отандық ғылымның осы бағытын дамытуға елеулі үлес қосады. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? Иә, дәлелденген, себебі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастарға өзіндік анықтамасы беріліп отыр. 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? Ия, жаңа, Диссертант құқықтық қатынастардың негізгі белгілерін тұтастай кеңінен талдап көрсеткен. 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Қалымбек Б., Сайпинов Д.Р. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлердің пайдалан мен қорғаудың құқықтық ерекшеліктері // «Төртінші өнеркәсіптік төңкеріске көшу жағдайында тиімді табиғатты пайдалану мен табиғи ресурстарға меншік құқығының өзекті мәселелері. Байсалов оқылымдары-2018» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. –Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2018. 495 б - 86-97 бб.
			2. Диссертациялық жұмыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану және қорғау саласындағы құқықтық қатынастардың объектілері мен субъектілері анықталды. Бұл қатынастардың ерекшелігі объектілері мен субъектілерінде, сондай-ақ оларды реттеу жер, ауыл шаруашылығы, табиғатты қорғау, азаматтық және басқа да заңнама салаларымен тығыз байланыста, арнайы

			құқықтық қағидалар негізінде жүзеге асырылады 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: B. Kalymbek, D.R. Saypinov, M. Remi. Legal features of use and protection of agricultural land in the Republic of Kazakhstan // Vol 3 No 91 (2019): JOURNAL of Actual Problems of Jurisprudence. 66-76 с. Саипинов Д.Р.1, Калымбек Б.К. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлерге меншік құқығының ерекшеліктері // Vol 83 No 3 (2017): JOURNAL of Actual Problems of Jurisprudence. 102-110 с. 3. Диссертациялық жұмыста, жайылымдардың құқықтық режимінің ерекшеліктері олардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер жүйесіндегі маңыздылығында, оларды пайдалану шарттары мен тәртібінде болатынын атап кеткен. Қазіргі уақытта жайылымдардың құқықтық режимінің мазмұны айтарлықтай өзгерді, бұл саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылыстың жаңа шарттарының болуымен түсіндіріледі, олардың арасында егеменді және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы; жайылымдар туралы арнайы заңнаманың болуы; жайылымдарға жеке меншікті және басқа құқықтарды енгізуін атап өтуге болады деген. Бұл өзгерістер жайылымдық жерлерді пайдалану мен қорғаудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеуді талап етеді, ол тұрақты даму және экологиялық қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс екенін атаған. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 2) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма?

			1) Иә 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған мақалада дәлелденген: Л.К. Еркинбаева, А.Т. Озенбаева, Д.Р. Сайпинов, Некоторые правовые проблемы рационального использования пастбищных угодий Республики Казахстан, Вестник Карагандинского университета, Серия «Право» № 4(108)/2022, DOI 10.31489/2022L4/15-24
			4. Ғылыми жұмыста «жайылым сервитуты» деген авторлық анықтама берген. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә. Еркинбаева Лаззат Калымбековна, Озенбаева Айгерим Тойлыбаевна, Сайпинов Данияр Романович, Правовой механиз участия пастбищепользователей в реализации «Плана по управлению» в РК//Сборник научных трудов по материалам IV Международной научно-практической конференции, 21 октября 2023 года, г.-к. Анапа «Актуальные вопросы права: теория и практика», юридические науки, удк 349.41
			5. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық қорғауды қамтамасыз етудің жаңа қағидаларын көрсеткен. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ

			7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Саипинов Д.Р. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлерді тиімді пайдалануды қаматамасыз етудің құқықтық мәселелері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -2017» Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. –Астана, 2017. 221 б - 187-192 бб. 6. Жұмыста диссертант ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығындарды өтеу саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жер құқығының құқықтық институтын құрайтынын атап кеткен. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ысыраптары авторлық анықтамасын берген. Аталған құқықтық институттың профилактикалық рөлін күшейту мақсатында қосымша негіздер мен оларды өтеудің тәртібі мен шарттарына өзгерістер енгізу ұсынылған. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Saipinov D.R. Legal problems in implementation of the Convention to Combat Desertification of Lands in Kazakhstan and other Central Asian Environmental Policy and Law - Volume 49, issue 1(Scopus) 30-35 p. Еркинбаева Л., Сайпинов Д.Р., Экологизация аграрного производства и устойчивое развитие: правовые проблемы и перспективы// Сборник трудов международной научно-практической конференции «Устойчивое развитие республики казахстан в условиях перехода к

			«зеленой экономике»: применение опыта стран европейского союза», Астана 28.10.2022. 7. Жұмыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану және қорғау саласындағы заңнаманы және оны қолдану тәжірибесін салыстырмалы талдай отырып, Еуропаның бірқатар елдерінде, АҚШ, Ресей Федерациясы, Украина және Қырғызстанда жер кодекстерінен басқа ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану мен қорғауға, топырақ қабатын сақтауға, осы жерлердің шөлейттенуіне және тозуына қарсы күресуге бағытталған арнайы заңдары талдаған. Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында «ҚР-ның ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін пайдалану және қорғау туралы» заң жобасын ұсынған. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Еркинбаева Л.К., Сайпинов Д.Р., Правовые проблемы рационального использования пастбищных угодий: сравнительный анализ законодательнства Республики Казахстан и Республики Узбекистан, Материалы международного узбекско-казахского научно-практического форума, г. Ташкент, 27-29 сентября 2022 г.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау-негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған: 1) Иә; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста әдістемені таңдау негізді және жеткілікті болып табылады. Зерттеу әдістері келесі негізгі әдістер: формальды-логикалық әдіс, жүйелік-құрылымдық әдіс, тарихи-құқықтық әдіс, салыстырмалы-құқықтық әдіс, нормативтік талдау әдісі, эмпирикалық әдіс қолданылған. Бұл әдістер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеуді тереңірек зерттеуге және осы саладағы мәселелерді шешуге ықпал еткен.

		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды: 1) Иә; 2) жоқ	1) Иә. Зерттеу жұмысында автор қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулердің әдістерін және компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отыра, ғылыми нәтижелерге қол жеткізген: https://adilet.zan.kz/kaz/- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі; https://online.zakon.kz/-Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
		8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді); 1) Иә; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста маңызды мәліметтер нақты сілтемелермен расталып, зерттеу нәтижелері дәлелденген. Жұмыстың сілтемелері қойылатын талаптарға толық сәйкес тізімделген. Тақырыпқа қатысты өзекті әдебиеттер кеңінен қамтылып, әрбір дерек нақты сілтемелермен белгіленген, бұл жұмыстың ғылыми негізділігін арттырады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста отандық танымал ғалымдардың еңбектері кеңінен пайдаланылған. Сонымен қатар, Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеуге қатысты шетелдік жетекші ғалымдардың еңбектері терең талданып, зерттеудің мазмұнына енгізілген. Тақырыпқа қатысты мақалалар жүйелі түрде шолудан өтіп, ғылыми негізділік пен зерттеу жұмысындағы тиісті әдебиеттердің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

9	Тәжірибелік құндылық қағидасы	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ,	Зерттеудің қол жеткізген негізгі ғылыми нәтижелерін жоғарғы заң оқу орындарында жер, аграрлық, экологиялық құқығы пәндерінен дәрістер жүргізуде пайдалануға болады. Осы бағыттағы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде таптырмас ғылыми зерттеу болып табылады.
		9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары: 1) Иә; 2) жоқ,	Зерттеу жұмысында қамтылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу бойынша заңнаманы жетілдіру жөніндегі теориялық ережелерді, құқықтық тұжырымдамаларды және ұсыныстарды өзгертулер мен толықтырулар енгізу кезінде заң шығармашылық қызметінде пайдалануға болатынында, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуде, сондай-ақ жалпы сот тәжірибесін қалыптастыру кезіне бағытталған.
		9.3 Тұжырымдар тәжірибе үшін жаңа болып саналады ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа),	Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары тәжірибе үшін толығымен жаңа болып табылады. Жұмыста тұжырымдалған теориялық ережелер мен ұсыныстар қазіргі жер құқығының теориясын тереңдетіп, дамытып, әрі қарай ғылыми зерттеулерге негіз бола алады.
10	Жұмыстың талапқа сай жазылу және рәсімделу сапасы	Академиялық жазу сапасы 1)жоғары; 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4)төмен	Диссертациялық жұмыс академиялық жазу сапасының жоғары деңгейін сақтай отырып жазылған. Автор өз ойларын нақты дәйектерге негіздей отырып, қисынды әрі тұжырымды түрде баяндаған. Сонымен қатар, жұмыстың құрылымындағы логикалық бірлік сақталып, автор өз ойын айқын әрі түсінікті жеткізе білген. Жазу барысында ғылыми стиль толық сақталып, жұмыстың ғылыми деңгейін арттырған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертант жұмысында дамыған Қытай елінің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қорғау және пайдаланудың құқықтық негіздеріне салыстырмалы талдау жасағанда жұмыстың құндылығы одан әрі арта түсер еді. Ауыл шаруашылығы ысыраптарды өтеудің негіздері мен тәртібін Ресей мемлекетінің заңнамаларымен салыстармылы талдау жасалған, бірақ басқа да дамыған мемлекеттердің тәжірибесін талдағанда жұмыс ашыла түсер еді. Бірақ, бұл айтылғандар жұмыстың академиялық жазу сапасын және диссертацияның мазмұнын, құндылығын еш төмендетпейді.

			Жалпы көрсетілген ескерту ұсыну сипатқа ие және жұмысты оң жақты қабылдауға еш әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің жекелеген нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдардағы 3 үш мақалада, Scopus компаниясының халықаралық базасына кіретін 2 мақалада, сондай-ақ халықаралық конференциялардың 5 ғылыми жарияланымында көрініс тапты. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу (халықаралық және ұлттық тәжірибе)» атты тақырыптағы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сайпинов Данияр Романовичтің диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық зерттеудегі қорытындылар мен ұсыныстар теориялық және тәжірибелік негізді болып табылады. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Диссертациялық жұмыс «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйырығының талаптарына сай Сайпинов Данияр Романовичтің диссертациялық жұмысы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп санаймын.

Ресми пікір білдіруші:
Астана халықаралық университетінің
Жоғары заң мектебінің философия докторы
(PhD), аға оқытушысы **Ибраев Алишер Серикболович**